

Арыс қалалық мәслихатының 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 17/115-VI "Сот шешімімен Арыс қаласының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2021 жылғы 30 қарашадағы № 15/73-VII шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 22 желтоқсанда № 25891 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабының 2 - тармағына сәйкес, Арыс қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Арыс қалалық мәслихатының "Сот шешімімен Арыс қаласының коммуналдық меншігіне түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 14 желтоқсандағы № 17/115-VI (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4333 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арыс қалалық мәслихат хатшысы

А. Байтанаев